

<sup>1\*</sup> Ш.Б. ҚҰЛМАНОВА, <sup>2</sup>С.А. ТАУЕКЕЛ

<sup>1</sup>Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті (Алматы, Қазақстан),

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті (Ақтөбе, Қазақстан)

e-mail: kulman\_sholpan@mail.ru\*, tauyekel.s@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН, ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ СИНГАПУР ЕЛДЕРІНІҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПКЕ АРНАЛҒАН ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМА

*Андатпа*

Еліміздің білім беру саласындағы өзгерістер үдерістері жалпыға ортақ сипатқа ие болуда, бұл білім беруді дамытудағы әлемдік тәжірибеге салыстырмалы талдау жүргізудің өзектілігін арттырады.

Мақалада 2018 жылғы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Музыка» пәні бойынша Қазақстанның қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны қарастырылады. Авторлар қазақстандық патриотизмді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға адамгершілік-эстетикалық қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған неғұрлым басым білім беру ұстанымдарын ұсынды.

Сол сияқты, Ұлыбритания мен Сингапур елдерінің бүкіл әлемде танылған білім саласына, бастауыш мектептеріндегі музыкалық біліміне жан-жақты талдау жасалынды. Осы елдердің бастауыш сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен типтік оқу бағдарламаларының мазмұнын зерттеу авторларға шетелдік музыкалық-педагогикалық тәжірибенің ең құнды идеяларын анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада авторларға зерттеуді мақсатына сәйкес жүргізуге мүмкіндік беретін салыстырмалы педагогиканың құралдары, әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы сипатталған.

Жүргізілген теориялық зерттеулер негізінде жоғарыда аталған елдердің бастауыш мектептеріне арналған музыка бағдарламаларын әзірлеу өзгешелігі анықталды. Авторлар оқытуға арналған музыкалық материалдардың ұсынылуы және бағдарламалар құрылымындағы белгілі бір айырмашылықтарды, әр елдің ұлттық ерекшеліктері мен мәдениетіне байланысты деп көрсетті.

Сонымен қатар, салыстырмалы сипаттамаға сүйене отырып, еліміздің 2018 жылдан бастап қолданыстағы музыка типтік оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұнында шетелдік бағдарламаларға белгілі бір ұқсастық бар екеніне назар аударылды. Ұқсастықты жаңа буынның оқу және компьютерлік технологияларымен үйлесетін музыкалық білімнің мазмұнын таңдаудың жалпы тәсілдерінің байланысынан, сондай-ақ балаларда музыка арқылы өз халқының мәдениетіне және басқа халықтардың мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеуден көруге болады.

*Тірек сөздер:* музыка, білім беру, оқу бағдарламасы, Қазақстан, Ұлыбритания, Сингапур, музыка пәні, сынып, оқыту, мақсат, міндеттер, салыстырмалы әдіс

### **Кіріспе.**

*Өзектілігі.* Әр мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының шешуші факторлардың бірі – білім беру саласы болып табылады. Білім, сонымен қатар, қоғамның мәдени, адамгершілік және зияткерлік даму деңгейін анықтайды.

Қазіргі заман ғалымдарының зерттеу нәтижелері әлемдік тәжірибеде

заманауи білім берудің жаңа бағытқа айналатынын көрсетеді. Қоғамның нарықтық жағдайларына және адамдардың оларға бейімделу үшін жаңа білім мен дағдыларға деген қажеттілігінің артуына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту, оқу процесіне белсенді оқыту мен компьютерлік технологияларды енгізу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және т.б. дамудың бағыттары байқалады.

**Ғылыми маңыздылығы.** Еліміздегі білім берудің мәні мен мақсатын, сондай-ақ халықаралық тәжірибені түсіну үшін біз Ұлыбритания мен Сингапур елдеріндегі жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында музыкалық білім беру мазмұнын салыстырмалы талдау негізінде зерттеуді жүргізуді анықтадық.

Зерттеу жүргізу барысында отандық музыка пәніне арналған үлгілік бағдарламаларын жаңартуда шетелдің музыкалық педагогикалық тәжірибесінің ең құнды идеяларын анықталуы көзделген. Алайда мақсатқа қол жеткізу үшін бізге зерттеудің арнайы құралдары, тәсілдері және технологиялары қажет. Бұл тұрғыда салыстырмалы педагогика әдістері маңызды рөл атқарады.

Мектептегі музыкалық білім берудің әртүрлі жүйелерін салыстырмалы талдау, әр елдің ұлттық басымдықтары мен дәстүрлерін, сондай-ақ біртұтас әлемдік білім беру кеңістігіне еруге мүмкіндік беретін прогрессивті әлемдік тенденцияларды ескере отырып, бастауыш сыныптарда музыка сабақтарына арналған үлгілік бағдарламалардың мазмұнын құрастыруға және тиімді әдіс-тәсілдерді анықтауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Шетелдік тәжірибені қолдану арқылы ұлттық білім беру жүйесін байыту идеясы Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де айтылған. Бұл үрдіске, әсіресе, Боллон үдерісі өз ықпалын тигізді [1; 2].

Ұлыбритания және Сингапур мемлекеттерін таңдаған себебіміз соңғы жылдарда орын алған дүниежүзілік жаһандану үдерісі осы мемлекеттердің жалпы орта білім беру жүйесінің қайта қарастырылып, жаңартылуына тигізген ықпалымен түсіндіріледі.

Ұлыбританияның жалпы орта мектептері білім беруде оқшауландырылған жүйені ұстанатынын, сондықтан әр мектеп Ұлттық стандартқа негізделіп отырып, өзіндік әдістемелер әзірлейтінін байқауға болады. Ұлыбританияның қазіргі таңда орта білім беру жүйесіне кең талдау жұмыстарын жүргізген E.Morris, R.Alexander, Sir Jim Rose және Darren Hanley.

Ал, Сингапур мемлекетіне келетін болсақ, халқы балалардың өнерге қызығушылығын құптайтынын және бұл мемлекетте музыкалық білімге ерекше көзқарастың қалыптасқанын байқауға болады. Сингапур мемлекетінің мектеп білім беру жүйесіне сараптамалық жұмыстар жүргізген G.Ch. Boon, S.Gopinathan, A.Koh еңбектеріне сүйендік. Сонымен қатар Сингапурдың музыкалық білім бағдарламаларын 1959 жылдан бастап Sylvia Nguik Yin Chong, Yeo Siew Cheng, E.P.Stead, S.Leong, Ch.K.Koh зерттеген, ал қазіргі таңдағы музыкалық білім беру жүйесіне Penny Tan өз еңбектерінде талдау жасайды.

**Мақсаты.** Қазақстан, Ұлыбритания, Сингапур елдері бастауыш сынып мектептерінің музыкалық білім берудің бағдарламалар мазмұнын салыстырмалы әдісі негізінде талдап, ғылыми-әдістемелік тиімділігін көрсету.

#### **Негізгі бөлім.**

*Ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізу.*

Қазіргі уақытта білім беру саласы елеулі өзгерістерге ұшырауда, өйткені білім беру реформалары қазіргі заманғы мемлекеттердің әлеуметтік саясатының маңызды аспектісін құрайды. Бұндай үдерістер жаһандық сипатқа ие болғандықтан білім беруді дамытудың әлемдік тәжірибесіне салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізудің өзектілігін арттырады.

Мақаланың тақырыбына келетін болсақ еліміздің жалпы орта мектептеріндегі, соның ішінде бастауыш сыныптарда музыкалық білім беру мазмұнына салыстырмалы талдау жұмыстары әлі жасалған жоқ, бұл мәселе зерттеуіміздің көкейкестілігін арттырады. Осыған орай, біз бастауыш сыныптарда музыкалық білім беру үлгілік бағдарлама мазмұнын елдің тарихи даму ерекшеліктерімен, оның әлеуметтік-мәдени мұрасымен тығыз байланыстыра отырып, А.К.Құсаинов жұмыстарында ұсынылған салыстырмалы зерттеулердің әдіснамасы [3] негізінде қарастырдық.

Боллон үдерісіне қатысушы мемлекет ретінде Қазақстан аталмыш мемлекеттердің педагогикалық тәжірибесін ескере отырып, білімнің ұлттық ерекшелігін және оның

ажырамас жетістіктерін сақтап қана бұл салада жоғары жетістіктерге жете алады. Қазіргі таңда еліміздің Еуропалық білім беру стандарттарын қолдануы отандық білім беру жүйесіне бірқатар өзгерістерді енгізуде. Мәселен, 2018 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігімен бекітілген «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» [4] Кембридждік халықаралық білім стандартына негізделген.

Алып жатқан бағытымызды негіздеу үшін Ұлыбритания және Сингапур мемлекеттерін таңдауымыз соңғы жылдарда орын алған дүниежүзілік жаһандану үдерісі осы мемлекеттердің жалпы орта білім беру жүйесінің қайта қарастырылып, жаңартылуына тигізген ықпалымен түсіндіреміз.

Ұлыбритания өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан жүйелі білім беру тәсілдерінің жылдан жылға шындалуымен ерекшеленеді. Бұл тәсілдерге мемлекеттің дәстүрлі білім беру жүйесімен қатар қазіргі таңда дүниежүзін сапасымен мойындатқан Кембридждік оқыту моделін де жатқызуға болады. Сонымен қатар, Сингапур мемлекеті дәстүрлі құндылықтарды жоғары ұстанатын мемлекет болып табылады. Алайда, бұл мемлекет ұлттық білім беру жүйесі арқылы жас ұрпаққа өзінің ұлттық дәстүрін, бірегейлігін, құндылықтарын сақтай отырып жоғары деңгейлі білім беруімен ерекшеленеді.

Біздің ойымызша, салыстырмалы педагогиканың әдістері бізге аталмыш мемлекеттердің жалпы музыкалық білім беру басымдықтарын жақсы түсінуге, олардың даму бағытын болжауға мүмкіндік берді. Жұмысымыз бұл мемлекеттердің бастауыш және орта мектептерінде ұйымдастырылған музыка сабақтарының оң тәжірибесін зерттеуге бағытталған деп ойлаймыз.

*Қазақстан.* Сонымен, Қазақстанда бастауыш сыныптарға арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын зерттеп шығайық [5]. Бағдарлама үш тараудан тұрады.

*Бірінші тарауда* бағдарламаның жалпы ережелері, мақсаты және мақсатын айқындау барысында анықталған міндеттері, сонымен қатар, ерекшеліктері атап өтіледі. Жаңартылған бағдарлама оқушылардың бойында тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, дамытуға бағытталған. Бұнда білім алушының бойында үздіксіз білім алу, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, ынтымақтастық, достық, еңбек және шығармашылық секілді рухани құндылықтарды дамытуды көздейді.

Аталмыш үлгілік бағдарлама бойынша «Музыка» пәнін оқытудың **мақсаты** – оқушылардың негізгі музыкалық білімді меңгеруін, музыкалық іс-әрекеттер барысында өз ойын жеткізуін, «қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту» [4, 1б.; 2, 42б.] – деп қойылған.

Мақсатқа негізделе отырып білім алушылардың музыкалық білім деңгейін көтеру, білік пен дағдыларды қалыптастыру жағдайында тоғызға жуық міндеттер ұсынылған. Мәселен:

- музыкалық сауаттылық негізі бойынша білімдерін қалыптастыру;
- музыкалық сауаттылықтың негізгі терминдері мен ұғымдарын меңгеру;
- қазақтың дәстүрлі музыкасы мен фольклорының, әлем халықтарының музыкалық шығармашылығының, классикалық және заманауи композиторлар шығармаларының озық үлгілерін білу;
- музыкалық іс-әрекеттер процесінде зерттеушілік, шығармашылықпен және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- музыкалық орындаушылық дағдыларын, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру [4, 1-2 бб.].

Бағдарламада оқушылардың музыка негізінде жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу, музыкалық дамыту келесі басты құндылықтарды бойларына сіңіруіне ықпал етеді:

- «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік»;
- «құрмет» пен «ынтымақтастық»;
- «еңбек пен шығармашылық»;
- «ашықтық»;
- «өмір бойы білім алу».

Бұл құндылықтар білім алушылардың мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекетіне ықпал ететін тұрақты тұлғалық бағдарына негіз болады.

Осы оқу бағдарламасының маңызды қағидасы – шиыршық (спиральді) оқыту. Оның негізгі ерекшеліктері мен тиімділігі:

- оқушы мектеп кезінде бірнеше рет тақырыпты қайталайды;
- тақырып қайталанған сайын күрделене түседі;
- жаңа оқыту алдыңғы оқумен байланысты және алдыңғы ақпаратпен бірге қарастырылады (1- сурет).

Тоқсан	Бірінші сынып	Екінші сынып	Үшінші сынып	Төртінші сынып
1	Өзім туралы	Өзім туралы	Жанды табиғат	Менің Отаным - Қазақстан
	Менің мектебім	Менің отбасым және достарым	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Құндылықтар
2	Менің отбасым және достарым	Менің мектебім	Уақыт	Мәдени мұра
	Бізді қоршаған әлем	Менің туған өлкем	Сәулет өнері	Мамандықтар әлемі
3	Саяхат	Дені саудың жаны сау	Өнер	Табиғат құбылыстары
	Салт - дәстүр және ауыз әдебиеті	Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті	Атақты тұлғалар	Қоршаған ортаны қорғау
4	Тағам мен сусын	Қоршаған орта	Су – тіршілік көзі	Ғарышқа саяхат
	Дені саудың жаны сау	Саяхат	Демалыс мәдениеті Мерекелер	Болашаққа саяхат

### 1-Сурет – Бағдарламада тоқсан бойынша берілген басты тақырыптардың байланысы

Шиыршық қағидасының артықшылығы:

- оқушы тақырыпты қайталаған сайын ақпарат қайталанатын және есте қалады;

- сонымен қатар оқу бағдарламасы оңайлатылған идеялардан күрделі идеяларға логикалық өтуге мүмкіндік береді;

- оқушылар білімдерін сабақтың келесі мақсаттары үшін қолдана алады.

Оқу жоспары оқушылар сыныптан сыныпқа көшкен кезде білім мен түсініктерді қайта тексеруді көздейді. Оқу мақсаттары бөлімдерде және бөлімшелерде оқудың ілгерілеуін бақылау үшін анықталған [4, ББ.12-30].

Екінші тарауда, өз кезегінде, «Музыка» оқу пәнінің мазмұны анықталады. Бағдарлама мазмұнының ерекшелігі авторлардың

оқу бағдарламасын шиыршық (спираль) принципінде құрастыруы. Бұндағы оқу мақсаттары және тақырыптар әр оқу жылы сайын күрделене береді, ал балалардың біліктілігін арттыруға бағытталған білім көлемі ұлғайып, тереңдетіле береді. «Музыка» пәні бойынша бір жылдық оқу жүктемесінің көлемі 1-сыныпта 33 сағатты құраса, 2,3 және 4-сыныптарда 34 сағатты қамтиды.

Осы тарауда, 1-4 сынып бастауыш білім беру деңгейіне қарай әр сынып бойынша пәннің базалық мазмұнына кіретін келесі нақты бөлімдер берілген.

Оқырмандарға түсінік алу үшін біз, бірінші сынып базалық мазмұны негізіндегі үлгісін 1-кестеде ұсындық [4, 2 б.]:

**1 - Кесте – Бірінші сынып «Музыка» пәні оқу бағдарламасының оқу бөлімдері бойынша оқушылардың меңгеруі тиіс білімі және дағдылары**

1-кесте

№	Бөлім және бөлімшелер	Мазмұны
<b>I. Бөлім: Музыка тыңдау, талдау және орындау</b>		
1	Музыкалық сауаттылық	Ұғымдар: ән, би, күй, марш, тыңдаушы, орындаушы, әнші, ақын, күйші, музыкант, композитор, оркестр, дирижер, халық музыкасы, композиторлық музыкасы, нота, нота сызықтары, скрипка кілті, такт, такт сызығы, төрттік, сегіздік, әуен, жоғары, төмен, бір биіктіктегі әуен, ырғақ, екпін, регистр, динамика, аккомпанемент, әннің құрылымы: шұмақ, шұмақ-қайырма;
2	Музыканы тыңдау ережесі	Дирижерлық негізгі қимылдар: зейін, тыныс алу, әндетудің аяқталуы. Аспаптардың атаулары: фортепиано, скрипка, домбыра, асатаяқ, қоңырау, тұяқтас, дауылпаз, балаларға арналған шулы аспаптар: ксилофон, металлофон, барабан, үшбұрыш, маракастар, бубен
3	Музыканы тыңдау және талқылау	Қоршаған ортадағы дыбыстарды тыңдау және тану (шулы және музыкалық).  Музыканың сипатын талқылау: көңілді, мұңды, қуанышты, қайғылы. Музыкалық көркем құралдарды анықтау: регистр, екпін, динамика, әуеннің бағыты
4	Аспаптарда ойнау және ән айту	Ән айту ережелері, ән салу тәсілдері: дұрыс тыныс алу, дикция, таза орындау. Әнді ән айту ережелеріне сәйкес орындау. Балаларға арналаған, тақырыптық, қазақ халық және әдет-ғұрып әндерін орындау. Әнді дирижерлық қимылдардың көмегімен, бір дауыста орындау.  Ре, ля ноталары аралығындағы дыбыс көлеміне қарай қарапайым әуендерді таза орындау. Қазақ ұлттық және балаларға арналған шулы музыкалық аспаптарда ойнау
<b>II Бөлім: Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру</b>		
1	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	Музыкалық шығарманың сипатын түрлі музыкалық-шығармашылық жұмыстар арқылы көрсету: ән, би, сахналанған ән.  Қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару: белгілі мәтінге, тыңдалған музыкаға ырғақтық суреттер
<b>III Бөлім: Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау</b>		
1	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету	Меңгерілген білімдері мен дағдыларды музыкалық-шығармашылық жұмыстар арқылы көрсету

Үшінші тарауында оқу мақсаттарының талдау және орындау» деген 1-бөлімінің жүйесі берілген. Мәселен, «Музыканы тыңдау, үзіндісіне тоқталайық [4,5б.] (2-кесте):



**2 - Кесте – Бастауыш сынып «Музыка» пәні бағдарламасының 1-бөлімі «Музыканы тыңдау, талдау және орындау» оқу мақсаттары:**

**2-кесте**

Білім алушылар:				
Оқу мақсаттары жүйесінің бөлімшелері	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 есту қабілетіне сүйеніп таныс дыбыстарды, музыканы тану	2.1.1.1 музыкалық көркемдеуші құралдарың көмегімен музыканың сипатын анықтау	3.1.1.1 тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтау және салыстыру	4.1.1.1 музыкалық көркемдеуші құралдардың көмегімен, әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру
	1.1.1.2 шулы және музыкалық дыбыстарды ажырату	2.1.1.2 әуеннің вокалдық, аспаптық түрін ажырату және анықтау	3.1.1.2 музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату	4.1.1.2 музыкалық шығарманың дыбыстауын түрлі орындауда тыңдатып анықтау және салыстыру
1.2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 ән айтуда оның сипатына және әндету ережелеріне сәйкес орындау	2.1.2.1 түрлі сипатты әндерді жеке, ансамбль және хор құрамында ән айту ережесін сақтап орындау	3.1.2.1 көркем образдарды аша отырып, түрлі сипатты әндерді орындау	4.1.2.1 ән айту ережесін сақтай отырып, түрлі сипаттағы екі дауысты қарапайым элементтері бар әндерді орындау
	1.1.2.2 әнді орындау барысында негізгі дирижерлық қимылдарды түсіну	2.1.2.2 әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау	3.1.2.2 әнді негізгі дирижерлік қимылдар көмегімен орындау	4.1.2.2 түрлі сипаттағы әндерді айтуда жеңіл, созып орындау дағдыларын көрсету
	1.1.2.3 музыкалық аспаптардың көмегімен шығармаларды сүйемелдеу	2.1.2.3 ансамбльде музыкалық аспаптардың көмегімен шығарманы қарапайым ырғақпен сүйемелдеп орындау	3.1.2.3 музыкалық штрихтарды қолдана отырып, аспаптарда ойнау дағдыларын көрсету	4.1.2.3 музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдана отырып, аспаптарда ойнау дағдыларын көрсету

2-ші кестеде «Музыканы тыңдау және талдау» бөлімі бойынша бірінші сынып оқушылары таныс дыбыстарды, музыкалық үзінділерді, қарапайым музыкалық шығармаларды ажырата алса, екінші сыныпта олар тыңдалған әуенді анықтап қана қоймай, оны сипаттап бере алады. Үшінші сыныпта музыканы тыңдау және талдау әрекеттері тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, интонациясы арқылы анықтау мен салыстыруға негізделеді. Ал бастауыштың соңғы жылында білім алушылар әуеннің көркемдік образдарын анықтап, оларды сипаттап, салыстыруы қажет.

Дәл осындай жүйелілікті сабақ барысындағы музыкалық орындаушылық іс-әрекет те ұстанады.

«Музыка» пәнінің басқа пәндерден ерекшелігі оның шығармашылығында, сондықтан сабақ барысында оқушылармен жүзеге асырылатын музыкалық шығармашылық жұмыстар жаңартылған бағдарламаның оқу мазмұнында ерекше орынға ие. Талдау жұмыстары бұл бөлімде авторлардың дамыта оқыту принципін ұстанғанын көрсетеді.

Оқушылардың өзінің және өзгелердің шығармашылық жұмыстарын көрсетуі және бағалауы бағдарламаның үшінші бөлімінде берілген. Белгіленген жүйе қатысушылар өздерінің музыкалық-шығармашылық жұмыстарын дұрыс көрсете білуіне (1-сынып), ол жұмыстарды өзіндік бағалауына (2-сынып) мүмкінді береді. Балалар өздерінің және өзгелердің шығармашылық жұмыстарын бағалау арқылы сыни ойлау қабілеттерін дамытады (3-сынып). Кейін, оқушылар өзінің және өзгенің шығармашылық жұмыстарын жақсарту мақсатында ұсыныстар енгізіп (4-сынып), өз ойларын ашық және еркін жеткізуге ұмтылады.

Сонымен, бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылар төрт жылда негізгі музыкалық білімді кезең-кезеңімен, жүйелеп меңгереді. Бағдарламаның авторлармен енгізілген жаңалығы – музыкалық орындаушылық

әрекеті. Алғашқы жылдары оқушылар есту қабілеттеріне сүйене отырып әуендерді ажыратып, анықтаса, бастауыш мектептің соңғы жылдарында олар нотамен қарапайым музыкалық шығармаларды орындап, импровизациялауды игереді.

Жаңа ғасырда мемлекетіміздің білім беру реформасында болып жатқан көптеген жаңалықтар, еліміздің білім беру жүйесін дүниежүзілік стандартқа сәйкестендіруді көздейді. Бұндай өзгерістер дүниежүзілік еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды дайындап, елімізді әлемнің жоғары дамыған мемлекеттер қатарына ену үшін білікті, білімді, рухани бай, ынталы, жан-жақты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған.

**Ұлыбритания.** 1996 жылы Біріккен Корольдігінің Парламентімен Жаңа «Білім туралы Заң» бекітілді [2].

Осыған орай, 1999 жылы Ұлыбритания Біріккен Корольдігінің Білім және Жұмысқа орналастыру Департаменті жаңа Ұлттық білім беру бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада халыққа ортақ білім берудің маңыздылығына үлкен көңіл бөлінді [6; 2, 546].

Сол жылы әзірленген Ұлыбританияның жалпы орта мектептерінің I және II негізгі оқу кезеңдеріне (бастауыш мектеп) арналған Ұлттық бағдарламасының құрылымына келетін болсақ, бұнда барлық пәндер бойынша оқушылардың негізгі кезеңдерде меңгеруге тиісті білімі және жоспарланған білім нәтижелері анықталды [6]. Алайда, бағдарлама тек 2000 жылы қыркүйек айынан бастап қолданысқа енгізілді.

Оқу бағдарламасының талаптары:

- инклюзивті білім беру;
- ортақ тілді (ағылшын) қолдану;
- АКТ қолдану;
- Денсаулық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Ұлыбританияның Ұлттық бағдарламасы, сондай-ақ, оқушылардың бойында негізгі (қарым-қатынас, есептеу, ақпараттық технологияларды қолдану, топпен жұмыс, өзіндік жұмыс, кез келген мәселелерді шешу) дағдылармен қоса, ойлау (шығармашылық ойлау, бағалау, анықтау, зерттеу) дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, елдің жалпы орта білім беру моделі оқытудың негізгі төрт кезеңінде жүзеге асырылады. Базалық пәндер қатарында болғандықтан, «Музыка» пәні міндетті түрде тек оқытудың III кезеңіне (1-9 сыныптар аралығында) дейін ғана оқытылады [2, 56 б.]. Осы орайда, оқу бағдарламасы пәнді оқыту барысында екі басты талаптарды қамтиды - білім, дағды және түсінік, екіншісі - зерттеу ауқымы. Бұндағы білім, дағды және түсінік – негізгі кезеңде оқушылар нені меңгеру керек екендігіне көңіл бөлсе, зерттеу ауқымы – білім, дағды, түсінікке қол жеткізу үшін жүзеге асырылған қызмет түрлерін, зерттеу саласын, тәжірибе ауқымын қамтиды.

*Оқытудың алғашқы кезеңінде (1-2 сыныптар)* оқушылар пән бойынша ақпарат алып, сұрақтарға нақты, толық жауап беруге үйренеді. Білім алушылардың орындаушылық міндеттеріне келетін болсақ, бірінші кезеңде оқушылар сенімділікпен аспаптарда қарапайым шығармалар орындап, сүйемелдеумен әр түрлі ән айтуы қажет. Яғни балалардың қиялы, сенімділігі, өзінің іс-әрекетін бақылау дағдылары дамып, музыкалық шығармалардан алған әсерлерін сипаттап, түсіндіре алуы керек.

*Оқытудың екінші негізгі кезеңінде (3-6 сыныптар)* оқушылар қарапайым және орташа күрделендірілген шығармаларды сенімділікпен, шеберлікпен орындауы қажет. Олардың топпен және сыныбымен әр түрлі мектепшілік іс-шараларда өз өнерін көрсете алуы да ескеріледі. Білім алушылар бұл кезеңде өзінің жеке қарапайым музыкалық шығармаларын жазу арқылы композиторлық қабілеттерін дамытып, импровизацияу және безендіру дағдыларын шыңдайды. Сонымен қатар, бағдарлама балаларды өз ойларын еркін, ашық түрде жеткізуін, түрлі мәдениеттердің шығармашылығы туралы ақпарат алуын, сұрақтарға эмоционалды, мәдени түрде жауап беруін көздейді.

Сондай-ақ Ұлыбританияның 1999 жылғы жалпы орта мектептерінің бастауыш сыныптарына (I және II негізгі кезең) арналған бағдарламаны талдау нәтижелері «Музыка» пәнінің әрбір сабағы басқа пәндермен

қатынасын (интеграциясын) көрсетті. Мәселен, бірінші сыныпта балалар әндерді нақты дикциямен айту қажет, ал бұндай мақсат, өз кезегінде, ағылшын (ана тілі) тілінде де көзделген, осылайша балалардың мәнерлеп оқу дағдыларын екі пән бірге дамытады [7].

2011 жылы оқу бағдарламасын қайта қарау барысында:

– Теңдестірілген оқу бағдарламасына қол жеткізу үшін табысқа жеткен мектептердің тиімді әдістерін пайдалану;

– Бастауыш оқу бағдарламасының мазмұны білім, дағды және түсіну шеңберінде ұйымдастырылуға тиіс, балалар жоғары сапалы пәндік оқытуды және пәнаралық күрделі зерттеулерді толық көлемде пайдалана алатындай, сондай-ақ мектепке дейінгі білімнен бастап III негізгі кезеңіне дейін үздіксіз оқытуды алты оқу саласы негізінде құрастыру;

– «Сауат ашу», «АКТ» және «Есеп» бастауыш мектеп бағдарламасының негізгі пәндері қатарында болуы тиіс;

– Бастауыш мектепте «Музыка» пәнімен қатар «Би», «Драматургия» пәндерін оқыту.

Теориялық зерттеу жұмыстары көрсеткендей, 2013 жылы Ұлыбританияның Білім беру Министрлігі бастауыш мектепке арналған Ұлттық оқу бағдарламасының түпкілікті нұсқасын әзірледі, бұл бағдарлама 2014 жылдан бастап қолданысқа енгізілді. Алайда бағдарламаны қолданысқа енгізуге жоспарланған уақыттың аз болуына байланысты ол тек бірнеше пәндер бойынша әзірленді.

Ұлттық бағдарламаның мақсаты – білімді, рухани адамгершілік қасиеті, мәдениеті дамыған, өзге адамдардың шығармашылығын және жетістіктерін түсіне алатын тұлға тәрбиелеу. Бұнда бағдарлама балаларды тәрбиелеудің тек бір ғана элементі ретінде түсіндіріледі, себебі балаларды тәрбиелеуде қоршаған орта ықпалы зор [7, 6 б.].

Оқытудың әрбір негізгі кезеңінің соңында оқушылар берілген бағдарламада көрсетілген үдерістерді, дағдыларды, тапсырмаларды түсінуі, білуі және қолдануы тиіс (3-кесте).



**3 - Кесте – Музыка сабағында күтілетін білім нәтижесі (2013 жылғы Ұлттық бағдарлама бойынша)**  
3-кесте

Кезең	Күтілетін білім нәтижесі
I (1-2 сыныптар)	<p>әнді мәнерлеп, эмоционалды, анық дикциямен айту;</p> <p>музыкалық аспаптарда шығармалар орындау;</p> <p>әуенді зейін қойып тыңдап, оның мазмұнын түсіну;</p> <p>музыкалық өлшемдерді қолдана отырып дыбыстарды араластыру, қосу, өзгерту, жаңадан шығару.</p>
II (3-6 сыныптар)	<p>жеке және топпен ән айту, музыкалық шығармаларды аспаптарда эмоционалды, мұқият орындау;</p> <p>аспапта жылдам шығармаларды сенімділікпен орындау;</p> <p>қарапайым шығарма жазып, оны импровизациялау;</p> <p>есту арқылы музыкалық есте сақтау қабілетін дамыту үшін шығармаларды ерекше зейінмен тыңдау;</p> <p>нота сауатын меңгеру;</p> <p>әр кезеңдегі композиторлардың шығармаларын, өзге ұлттардың дәстүрлі шығармашылығын ажырату;</p> <p>музыка тарихын меңгеру;</p> <p>музыкалық элементтерді пайдалану</p>

Бастауыш сынып (2013ж.) және орта мектептерге (2014ж.) арналған «Музыка» пәні бағдарламасының мақсаты төмендегі нәтижелерге жетуге бағытталған:

– әртүрлі тарихи кезеңдермен дәстүрлерде орын алатын музыканы (ұлы композиторлар мен музыканттардың шығармаларын қоса алғанда) түрлі жанрларда, стильдерде орындау, тыңдау, талдау және бағалау;

– дұрыс ән айту дағдыларын қалыптастыру, өз бетінше және өзге оқушылармен бірге музыкалық шығарма жазу (шығару), музыкалық аспапты меңгеру, технологияларды дұрыс қолдана білу;

– музыканың туындауын, оны дұрыс жеткізе білу, соның ішінде оны тиісті музыкалық белгілер (тонның биіктігі, ұзақтығы, динамикасы, қарқыны, тембрі, текстурасы, құрылымы) арқылы түсіну және зерттеу.

Ұлыбританияның Ұлттық білім беру

бағдарламасы мектептің оқу бағдарламасының тек бір бөлігі болғандықтан, мемлекет тарапынан қаржыландырылатын әрбір орта мектеп өзінің тәжірибесіне, оқыту жоспарына сүйеніп өзіндік білім беру бағдарламасы әзірленеді.

Сонымен қатар, мектептер жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында сабақ тақырыптарын немесе кейбір оқу пәндерін еркін қосып, өзгерте алады. Яғни әр балаға эстетикалық тәрбие беріп, оны жауапкершілікті, болашаққа сеніммен қарайтын азамат болуына ықпал ету, сондай-ақ оқушының шығармашылық ойлауын, музыкалық қабілетін анықтап, дамытуға ұмтылу – сапалы білім беру арқылы елдің дамуын қамтамасыз етеді. Бұндай тәсіл Ұлыбританияның музыкалық білім беру саласындағы жылдар бойы жинақтаған тәжірибесін тек толықтырып қана қоймай, жаңашылдық енгізу, бағдарламаларды

заман талабына сай дамытып, оларды әр мектептің өзіндік талаптарымен үйлестіріп оқытуымен қалыптасты [2, 70 б.].

**Сингапур** – Азияның жоғары дамыған мемлекеттерінің қатарына енетін елдің жалпы орта білім беру жүйесі соңғы жылдары әлемдегі ең үздіктерінің бірі болып табылады. Бұндай жоғары көрсеткіштерге жету аталмыш мемлекеттің [8]. білім беру жүйесінің 1957 жылдан бастап үздіксіз дамуына байланысты

Сингапур мемлекетінің білім беру жүйесіне тарихи шолу жасау барысында біз музыка пәніне және балаларға мектепте музыкалық білім беру жүйесіне, оқу бағдарламалар құрастырылуына байланысты болған келесі жағдайларды байқадық:

1. Елде білім беру жүйесі 1959 жылдан бастап кең дамыды, себебі мемлекет Ұлыбританияның отаршылдық билігінен босатылып, өзін-өзі басқаруды бастайды. Дәл осы кезеңнен бастап Сингапурдың білім беру бағдарламалары қайта қарастырылып, жаңартылды.

2. Жалпы орта мектептерде оқытылған «Музыка» пәніне келетін болсақ, 1959 жылы әзірленген бастауыш сыныптарға арналған «Музыка» пәні бағдарламасы балалардың эстетикалық қасиеттерін тәрбиелеп, оларды әсемдікті түсінуіне, сапалы, кәсіби музыканы тыңдай отырып, ән айту тәжірибесін кеңейтуге, музыкалық аспаптарда ойнау қабілеттерін шыңдауға бағытталды [2].

3. Берілген бағдарлама музыка сабағына апталық сағаттық жүктемені де белгіледі. Бұнда музыка сабақтары бастауыш мектептің 1-2-сыныптарында аптасына 1,5 сағаттан (немесе 45 минуттан аптасына 2 сабақ), 3-4-сыныптарында аптасына 1,5 сағаттан (немесе жарты сағаттан 2-3 сабақ) өткізілді.

4. Музыка балалардың бойында тек шығармашылық біліктерін дамытып қана қоймай, олардың ішкі жан дүниесін толықтырып, болашақта бақытты азамат болуына ықпалдасады [9].

5. 1968 жылдан бастап «Музыка» пәні ресми түрде бастауыш және орта білім беру бағдарламалары аясында оқытылуға міндетті пәндер қатарына енді. 1970 жылдары музыканың білім берудегі жетістіктері

(балалардың ішкі құндылығын дамыту, әлеуметтік ұйымшылдыққа баулу) белгіленді.

6. Ұсынылған Ұлттық бағдарлама 1983 жылы қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар осы жылдары музыкалық білім берудің сұранысқа ие болуы - әнді оқыту үшін жоғары дәрежелі білікті мамандарды шақыруға әкелді. Ал бұл үрдіс музыканың факультативті бағдарламаларын енгізуді талап етті.

7. Жаңа бағдар алған Сингапурдың білім беру жүйесіне сай 2002 жылдан бастап «Музыка» пәнінен жалпы орта мектептерге арналған білім беру жоспары құрастырылды. Жоспар мақсаты – музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушылардың дағдылары мен білімін дамыту және арттыру.

8. Сол кезеңде Сингапур ғалымы Пенни Тэн өз зерттеу жұмысында Білім беру Министрлігінің ұсынған музыкалық білім бағдарламасының мақсатын былайша анықтайды: «Біріншіден, балалардың бойында шығармашылық қабілетті және сыни ойлау дағдыларын дамыту, жергілікті және жаһандық мәдениеттердің музыкасын түсініп, жоғары бағалау үшін өнермен күнделікті өмірдің тығыз байланысын сезінуге баулу. Екіншіден, жеке және ұжыммен өзін-өзі көрсетуге ұмтылу, музыкаға деген терең сүйіспеншілікті сезінуге тәрбиелеу» [9; 2, 76 б.].

9. 2014 жылы Сингапур мемлекетінің Білім беру Министрлігі ХХІ ғасыр оқушыларының құзыреттіліктерінің құрылымын (Framework for 21<sup>st</sup> Century Competencies and Student Outcomes) анықтады. Құзыреттіліктер Сингапурдың мектеп оқушыларын болашаққа жақсы дайындау үшін біртұтас білімнің негізі болып табылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, оқушылар бойында аталмыш құзыреттіліктерді дамыту мектептер және ата-аналардың бірлесуін қажет етеді [10].

10. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, Сингапур мемлекетінің бастауыш және төменгі орта (Lower Secondary) сыныптарына арналған «Музыканы оқу және оқыту» бағдарламасы 2015 жылдан бастап қолданысқа енгізілді [11]. Бағдарламаның мақсаты – шығармашылық (ән айту,

аспаптық орындаушылық, әуен тыңдау, музыка жазу) арқылы балалардың бойында шығармашылық тұрғыда ойлау, ұсақ моторика, есту, ырғақты сезіну, әлеуметпен қарым-қатынас секілді дағдыларды дамыту. Аталған мақсатқа жету үшін бағдарлама келесі міндеттерді анықтады:

– өз халқының және әлем халықтарының мәдениеттерінде музыканың алатын орнын түсіну;

– музыка арқылы шығармашылық өзін-өзі көрсету және қоғаммен қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту;

– музыканы өмірлік таңдау ретінде саналы түрде таңдауға ықпал ету.

Бағдарлама төрт сатыдан (әрқайсысы екі деңгейден) құралған, яғни бастауыш сыныптарда «Музыка» пәні үш сатыны қамтыса, төменгі орта (Lower Secondary) сыныптарда бұл пән бір ғана сатыда ұйымдастырылады. Бұнда оқу нәтижелері жан-жақты қамтылған бес оқу міндеттерінің аясында ұйымдастырылған [11, 4 б.].

Барлық білім нәтижелері интеграцияланған үлгіде зерттеліп, қарастырылуы қажет. Мәселен, музыкалық элементтердің белсенді музыкалық әрекеттер (музыка жазу, шығарма орындау, музыкалық қимыл-қозғалыстар) арқылы зерттеліп, жүзеге асуы. Музыкалық шығармаларды орындау арқылы балалар өзін-өзі көрсету үшін қажетті дағдыларды игеруге мүмкіндік алады. Музыкалық тәжірибесін кеңейту мақсатында олар үлкен шығармашылық репертуардың ықпалына түседі.

Жоғарыда аталып өткен «Музыка» пәні бойынша әр сыныпта жоспарланған білім нәтижелері келесі бес оқу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған:

– Жеке және топпен вокалды/аспаптық музыка орындау;

– Жеке және топпен аспаптық/вокалды музыка жазу;

– Музыка тыңдау және одан әсер алу;

– Өз және өзге мәдениеттің музыкасын құрметтеу/бағалау;

– Музыкалық элементтер және құзыреттіліктерді түсіну.

Талдау жұмыстары Сингапурдың музыка-

лық білім беру жүйесінің балаларға тек вокалды емес, сонымен қатар аспаптық орындаушылық дағдыларын меңгертуге, дәстүрлі және заманауи музыкалық шығармаларды талдай білуге, импровизациялау, сондай-ақ музыка жазу (композиторлық) дағдыларын дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Мәселен, оқытудың алғашқы сатыларында оқушылар қарапайым музыкалық формалармен танысып, музыкалық элементтерді ажыратып жеке және топпен шығармаларды орындау барысында оларды қолдана алады. Ал оқытудың үшінші сатысының соңында (бастауыш мектеп) балалар қарапайым әуенді жаза отырып, берілген құрылымның ырғақты және әуенді жақтарын меңгереді. Соңғы төртінші сатыда (төменгі орта) оқушылар әр түрлі аспапты жоғары дәрежеде меңгеріп, музыкалық ақпаратты қабылдауда еркіндік танытады.

Музыкалық шығармаларды тыңдау үдерісіне келетін болсақ, мектеп оқушыларының есту қабілеттерін шыңдау үшін бағдарлама балаларды тек музыкалық элементтерді ажыратып қана қоймай, өз тәжірибелерінде қолдануды ұсынады. Себебі, шығарманы тыңдау – балаларға музыкалық білім берудегі ең негізгі үрдістердің бірі болып табылады. Тыңдау барысында оқушылар дыбыс арқылы әр түрлі музыкалық жанр және дәстүрлермен танысады. Музыкалық шығарманы бар зейінімен және ықыласымен тыңдай алатын оқушы өзінің және өзгелердің шығармаларынан әсер алып, сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамытады. [11, 12-21 бб.].

Сингапур мемлекетінің музыкалық білім беру бағдарламасы балалардың бойында жастайынан тек шығармашылық білікті дамыту емес, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытумен ерекшеленеді. Осыған байланысты, балалардың бойында ХХІ-ғасыр құзыреттілігін дамытуда музыкалық білімнің алатын орны зор екенін айта кету қажет.

Сингапурдың бастауыш сыныптарына арналған музыкалық білім бағдарламасын талдау барысында бұл мемлекеттің оқушылар бойында 21-ғасыр құзыреттілігін тәрбиелеу тек өзінің ғана емес, өзге

ұлттардың мәдениетін зерттеуге үлкен мән беретіні айқындалды. Сонымен қатар классикалық, дәстүрлі, заманауи музыканы зерттеу, сыни тұрғыда талдау дағдыларын дамыту ерекше мәнге ие. Бұндай зерттеулерді жүзеге асыру үшін мектептер заман талабы – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы шарт. [11, 8 б.].

Сонымен, қорытындылай келе, Сингапур мемлекетінің қазіргі таңда әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер қатарына енуі – өткен ғасырдың ортасынан басталып, жылдан жылға күшейтілген саясаттың көмегімен жүргізілген үдеріс. Күшейтілген саясат деп отырғанымыз, ең алдымен, мемлекеттің алдына қойған мақсаттарына жету үшін қабылданған білім реформалары. Бұл реформалар уақыт ағымына сай қайта қарастырылып, жаңартылып отырды. Жаңа ғасырдың талаптарына сәйкес азаматтарды тәрбиелеу, олардың құзыреттілі жоғары маман болуына барлық мүмкіндіктер беру – мемлекеттің экономикалық дамуын, жаһандану үдерісіне тез бейімделуін қамтамасыз етеді.

**Әдістері.** Қазіргі уақытта білім беру саласы елеулі өзгерістерге ұшырауда, өйткені білім беру реформалары қазіргі заманғы мемлекеттердің әлеуметтік саясатының маңызды аспектісін құрайды. Бұндай үдерістер жаһандық сипатқа ие болғандықтан білім беруді дамытудың әлемдік тәжірибесіне **салыстырмалы талдау** жұмыстарын жүргізудің өзектілігін арттырады.

Салыстырмалы талдау салыстырмалы педагогиканың әдісі. Ең алғашқы «Салыстырмалы педагогика» ұғымын тәрбие мен оқытудың мазмұны мен тәсілдерін, сондай-ақ халықаралық білім беру тәжірибесін зерттеу қажеттілігін дәлелдеп, салыстыру әдістерінің теориясын белгілеу үшін француз ғалымы Марк-Антуан Жюльен Парижский енгізді. Ол, 1817 жылы жариялаған «Набросок и предварительные заметки к работе по сравнительной педагогике» еңбегінде Франция мен Швейцария елдерінің мектеп педагогикасының тәжірибесін сараптаған. Ғалым салыстырмалы педагогиканы отандық

білім берудің теориясы мен практикасын жетілдірудің маңызды құралдарының бірі ретінде көрді [12; 2, 8б.].

Салыстырмалы педагогиканың әдістері ғылым саласындағы зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде кең қолдануда. Қазақстанда, 1996 жылы Асқарбек Қабыкөнұлы Құсаинов «Развитие образования в Казахстане и Германии (сравнительно-педагогическая характеристика)» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында алғашқы салыстырмалы зерттеу жұмысын жүргізді. Профессордың айтуынша салыстырмалы педагогика салыстырмалы түрде әр түрлі елдердегі білім берудің дамуын, үрдістері және заңдылықтарын талдауға мүмкіндік береді [2, 9 б.]. Ал, музыкалық білім беру саласында отандық ғалым А.Б. Мукашева салыстырмалы әдістерді Чехия, Болгария, Австрия мемлекеттеріндегі жоғары музыкалық білім беру жүйесін Қазақстандық жүйемен салыстырмалы тұрғыда зерттеді [13; 14, 75б.].

Зерттеу жұмысымызға келетін болсақ, елімізде орта мектеп музыкалық білім беру саласында зерттеу жұмыстарды жүргізген ғалымдар мен мектеп мұғалімдері әлемдік педагогикалық тәжірибесін ескере отырып, Кембридждік халықаралық білім стандартына негізделген білімнің ұлттық ерекшелігін және оның ажырамас жетістіктерін сақтап 2018 жылы ҚР БҒМ бекітілген үлгілік оқу бағдарламасын жасады [4].

Салыстырмалы педагогиканың әдістері Ұлыбритания мен Сингапур мемлекеттердің жалпы музыкалық білім беру басымдықтарын жақсы түсінуге, олардың даму бағыттарын болжауға, бастауыш және орта мектептерінде ұйымдастырылған музыка сабақтарының оң тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік берді.

Аталмыш мемлекеттердің жалпы музыкалық білім беру жүйесіне салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жасау барысында келесі салыстырмалы педагогикалық әдістерді қолдандық:

- әлеуметтік әдіс – білім беру ұйымының қоғамның даму қажеттіліктеріне сәйкестігін бағалау;
- салыстырмалы әдіс – әлемдегі



білім беру жүйесінің ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтау, педагогикалық заңдылықтардың жалпы және ерекше көріністерін белгілеу;

– сипаттама әдісі – нақтылық және объективтілікті, топтауды, фактілерді жүйелендіру және түсіндіруді, талдау үшін ақпарат жинақтауды талап ету;

– тарихи әдісі-педагогикалық мәселелердің генезисі мен даму ерекшеліктерін талдау, зерттелетін педагогикалық құбылыстың қазіргі жағдайын терең түсінуге ықпал ету.

#### **Нәтиже және талқылау.**

Қазақстан, Ұлыбритания және Сингапур мемлекеттерінің жалпы орта мектептеріне арналған «Музыка» пәні бағдарламаларына мазмұндық талдау жұмыстарын жүргіздік. Бұл мемлекеттердің білім беру жүйесі қазіргі таңда әлемдегі ең тиімді әрі нәтижелі жүйе болып есептеледі. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, берілген параграфта біз аталмыш мемлекеттердің жалпы музыкалық білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау жасауға тырысамыз.

Салыстырмалы зерттеу жұмыстары әлемнің әр түрлі елдерінде және әртүрлі тарихи дәуірлердегі тәрбие мен білім берудің педагогикалық теориялары мен практикаларының жағдайын, заңдылықтарын және даму үрдістерін зерттейді, сондай-ақ, халықаралық педагогика және мектеп тәжірибесінен үлгі алу жолдарын, аясын анықтайды.

Зерттеу жұмысымыздың аясында біз салыстырмалы педагогиканың келесі анықтамасын негізге алдық: педагогикалық ғылым саласы ретінде салыстырмалы педагогика әлемнің әр түрлі елдері және аймақтарындағы білім берудің даму тенденциялары мен заңдылықтарын, жағдайын зерттейді, сонымен қатар, шетелдік тәжірибені қолдану арқылы ұлттық білім беру жүйесін өзара байыту тәсілдерін анықтайды.

Жалпы орта білім беру жүйесін қарастыра отырып, оның өзара байланыстағы көптеген объектілерін: атап айтқанда, жүйенің қызметін анықтайтын оқыту және тәрбиелеудің мазмұнын, білім беру жүйесінің

субъектілерін, материалдық-техникалық камсыздандыруды, қаржыландыру мен басқаруды ұйымдастыруды, сондай-ақ жүйенің дамуына ықпалдасатын мақсаттар мен міндеттерді қамтитынын ескеру қажеттігін байқадық. Тұтас жүйе ретінде білім беру жүйесі өзіндік динамикасына, бейімділігіне, тұрақтылығына, сабақтастығы мен тұтастылығына, географиялық және ұлттық ерекшелігіне ие [2; 15, 100б.].

Ұлыбританияның жалпы музыкалық білімін талдау барысында келесі ерекшеліктер айқындалды:

– оқушылардың композиторлық дағдыларын оқытудың I негізгі кезеңінен бастап дамыту;

– музыка және драматургияны ұштастыра оқыту, сахналық қойылымдар ұйымдастыру;

– нақты бекітілген апталық сағат жүктемесінің болмауы (мектептер автономиясы);

Ұлыбританияның жалпы музыкалық білімі IV негізгі кезең соңында арнайы емтихан тапсыру арқылы ЖОО-да кәсіби музыкалық білім алу мүмкіндігін береді.

XXI ғасырда ұлттық дәстүрді сақтай отырып білім беру жүйесіне инновациялар енгізу – Сингапур мемлекетінің білім беру жүйесінің ерекшелігін анықтайды. Бұнда ұлттық білім бағдарламасы ұлттық мәдениетті нығайтуға, болашаққа сеніммен қарауға және ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған.

Мемлекеттің жалпы орта мектептерінде негізгі пәндер және базалық пәндер міндетті түрде оқытудың бастауыш және төменгі орта (Lower Secondary) сыныптарында жүргізіледі. Базалық пәндер қатарында «Музыка» пәні де орын алады.

Музыкалық білім Сингапурда 4 сатыда жүзеге асырылады. Балалардың алғашқы жылдардан бастап-ақ нота сауатын және аспаптарда қарапайым шығармаларды ойнауы көзделеді. Қазақстандық жүйемен ұқсастығы Сингапудың музыкалық білім бағдарламалары ширақтық принципінде құрастырылған, сонымен қатар, бұнда меңгерілуге тиісті репертуар ұсынылады. Алайда бұл репертуар көбінесе отандық авторлардың шығармаларынан тұрады.



Сингапур мемлекетінің музыкалық білім бағдарламаларына талдау жасау барысында келесі ерекшеліктер айқындалды:

- бағдарламамен ұсынылған репертуар;
- композиторлық шығармашылық жұмыстарына нақты жоспар құру;
- тілдік ерекшеліктерін сақтау (ағылшын, қытай, малай, тамиль тілдеріне лайықталған бағдарламалар ұсыну);
- тереңдетілген музыкалық білім беру.

Сингапурдың музыкалық білім беру тәсілдерінің ендігі бір ерекшелігі - оқушылар жалпы орта мектепте оқытылған музыкалық білімін ЖОО-да кәсіби түрде жалғастыра алады.

### **Қорытынды.**

Сонымен, Қазақстан, Ұлыбритания және Сингапур мемлекеттерінің қазіргі заманда «Музыка» пәні арқылы музыкалық білім беру жүйесі балалардың бойында тек шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталмаған. Оқу бағдарламалары берілген елдердің тарихына, мәдениеті мен

дәстүрлерінің дамуына, экономикалық және саяси факторларына, сондай-ақ білім беру алғышарттарына (міндетті бастауыш және орта білім беру, мектеп әкімшілік жүйесінің орталықтандырылуы немесе орталықтандырылмауы, дәстүрлі білім беру жүйесінің жаһандану барысында еуропалық модельмен ұштасуы) негізделген.

Қазақстанда балаларға жалпы музыкалық білім беру олардың бойында өз ұлтына деген сүйіспеншілігін, мәдениетіне деген құрметін жаңа заман технологияларымен ұштастырылып жүргізіледі.

Ұлыбритания және Сингапур мемлекеттерінің жалпы орта мектептерінде музыкалық білім беру балалардың шығармашылық тәжірибесіне негізделген. Балалардан аспаптық ансамбльдер және хор құру, ХХІ ғасыр оқушылар құзыреттілігін ұстану, жылдам өзгеріп келе жатқан уақытқа бейімделу оларды жастайынан ұжымшылдыққа тәрбиелейді.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- [1] The Bologna Process and the European Higher Education Area. (2022) URL: [https://ec.europa.eu/education/policies/higher-education/bologna-process-and-european-higher-education-area\\_en](https://ec.europa.eu/education/policies/higher-education/bologna-process-and-european-higher-education-area_en)
- [2] Тауекел С.А. Қазіргі кезеңдегі қазақстан және шетел орта мектептерінде музыкалық білім берудің негізгі бағыттары: дис...магистр пед.наук: 13.00.08: защищена 19.06.2020: утв.25.05.2020 / Автор Тауекел Самал Адильханкызы. – Алматы., 2020. – 104 с. – Библиогр.: с.99-104.
- [3] Құсаинов А.К. Сравнительная педагогика: учебник для студентов вузов и педагогических специальностей. – Алматы, 2008. – 254с. URL: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1162624&lang=kk>
- [4] Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. – Алматы, 2018. – 31 б.
- [5] Кульманова Ш.Б., Тауекел С.А. Содержательная характеристика учебных программ по музыке разработанных в период развития независимого Казахстана (1991-2016г.)/ Мир детства в современном образовательном пространстве: сборник статей студентов, магистрантов, аспирантов. 15 февраль 2019г. – Витебск, 2019. – Вып. 10. - С. 193-196.
- [6] Slater Z., Chambers G. Primary teachers' perceptions of wholeclass teaching and learning in English primary schools: an exploratory study of perceived benefits, challenges and effective practice, Education 3-13. 23 September 2022. – UK, 2022. DOI: 10.1080/03004279.2022.2110603
- [7] Department for Education. (2021) National curriculum in England: music programmes of study. Retrieved from <https://www.gov.uk/government/publications/national-curriculum-in-england-music-programmes-of-study>
- [8] Ministry of Education. (2021) Overview of Primary school subjects and syllabuses. URL: <https://www.moe.gov.sg/primary/curriculum/syllabus>
- [9] Penny Tan, Music Education in Singapore: Identifying perspectives of Singapore's main stakeholders/ Paper for Hawaii international education conference. – Hawaii, 2007. – 14 p.
- [10] Ministry of Education. (2021) 21st Century Competencies. Retrieved from URL: <https://www.moe.gov.sg/education/education-system/21st-century-competencies>

- [11] Music teaching and learning syllabus: Primary and Lower Secondary. – Singapore, 2015. - 24 p.
- [12] Wolhuter Ch., The Legacy of Jullien’s Work for Comparative Education: First Edition. – London, 2019. – 168p.
- [13] Мукашева А.Б. Организация высшего музыкального образования в Чехии, Болгарии и Австрии: сравнительный аспект. KazNU Bulletin. «Pedagogical sciences» series. №1 (41). – Алматы, 2014. – С. 119-126.
- [14] Mykhaskova M., Foreign experience of professional training of the future music teachers/ Theory and methodology of continuing professional education: theory and practice. 31 March 2020. – Ukraine, 2020. – № 1 (62), - P.74-79. <https://doi.org/10.28925/1609-8595.2020.1.11>
- [15] Makris S. F., Welch G., Himonides E., Music Teachers’ Perceptions of, and approaches to, Creativity in the Greek-Cypriot Primary Education/ The Journal of Creative Behavior. 02 August 2021. – Volume 56, Issue 1. - p. 92-107. <https://doi.org/10.1002/jocb.518>

#### References

- [1] The Bologna Process and the European Higher Education Area. URL: [https://ec.europa.eu/education/policies/higher-education/bologna-process-and-european-higher-education-area\\_en](https://ec.europa.eu/education/policies/higher-education/bologna-process-and-european-higher-education-area_en)
- [2] Tauyekel S.A. Kazirgi kezendegi Kazakstan zhane shetel orta mektepterinde muzykalyk bilim berudin negizgi bagyttary: dis...magistr ped.nauk: 13.00.08: zashchishchena 19.06.2020: utv.25.05.2020 / Avtor Tauekel Samal Adil’hankyzy.– Almaty., 2020.- 104 s. – Bibliogr.: s.99-104.
- [3] Kusainov A.K. Sravnitel’naya pedagogika: uchebnik dlya studentov vuzov i pedagogicheskikh special’nostej. – Almaty, 2008. – 254s.
- [4] Bastauysh bilim beru dengejinin 1-4-synpytaryna arналган «Музыка» paninen zhanartyлган mazmundagy ulgilik oku bagdarlamasy. – Almaty, 2018. – 31 b.
- [5] Kul’manova SH.B., Tauyekel S.A. Soderzhatel’naya harakteristika uchebnyh programm po muzyke razrabotannyh v period razvitiya nezavisimogo Kazahstana (1991-2016g.)/ Mir detstva v sovremennom obrazovatel’nom prostranstve: sbornik statej studentov, magistrantov, aspirantov. 15 fevral’ 2019g. – Vitebsk, 2019. – Vyp. 10. – C
- [6] Slater Z., Chambers G. Primary teachers’ perceptions of wholeclass teaching and learning in English primary schools: an exploratory study of perceived benefits, challenges and effective practice, Education 3-13. 23 September 2022. – UK, 2022. DOI: 10.1080/03004279.2022.2110603
- [7] Department for Education. (2021) National curriculum in England: music programmes of study. Retrieved from <https://www.gov.uk/government/publications/national-curriculum-in-england-music-programmes-of-study>
- [8] Ministry of Education. (2021) Overview of Primary school subjects and syllabuses. URL: <https://www.moe.gov.sg/primary/curriculum/syllabus>
- [9] Penny Tan, Music Education in Singapore: Identifying perspectives of Singapore’s main stakeholders/ Paper for Hawaii international education conference. – Hawaii, 2007. – 14 p.
- [10] Ministry of Education. (2021) 21st Century Competencies. Retrieved from URL: <https://www.moe.gov.sg/education/education-system/21st-century-competencies>
- [11] Music teaching and learning syllabus: Primary and Lower Secondary. – Singapore, 2015. – 24 p.
- [12] Wolhuter Ch., The Legacy of Jullien’s Work for Comparative Education: First Edition. – London, 2019. – 168p.
- [13] Mukasheva A.B. Organizaciya vysshego muzykal’nogo obrazovaniya v Chekhii, Bolgarii i Avstrii: sravnitel’nyj aspekt. KazNU Bulletin. «Pedagogical sciences» series. №1 (41). – Алматы, 2014. – С. 119-126.
- [14] Mykhaskova M., Foreign experience of professional training of the future music teachers/ Theory and methodology of continuing professional education: theory and practice. 31 March 2020. – Ukraine, 2020. – № 1 (62), – P.74-79. <https://doi.org/10.28925/1609-8595.2020.1.11>
- [15] Makris S. F., Welch G., Himonides E., Music Teachers’ Perceptions of, and approaches to, Creativity in the Greek-Cypriot Primary Education/ The Journal of Creative Behavior. 02 August 2021. – Volume 56, Issue 1. – p. 92-107. <https://doi.org/10.1002/jocb.518>

**Сравнительная характеристика содержания музыкального образования типовых учебных программ для начальной школы Казахстана, стран Великобритании и Сингапура**<sup>1</sup> Ш.Б. Кульманова\*, С.А. Тауекел<sup>2</sup><sup>2</sup>Қазақский национальный женский педагогический университет (Алматы, Қазақстан),<sup>2</sup>Ақтөбінский региональный университеті имену К. Жұбанова (Ақтөбе, Қазақстан)

e-mail: kulman\_sholpan@mail.ru\*, tauyekel.s@mail.ru

*Аннотация*

Процессы изменения в сфере образования нашей страны приобретают всеобщий характер, что повышает актуальность проведения сравнительного анализа мирового опыта в развитии образования.

В статье рассматривается содержание действующей в Казахстане типовой учебной программы по предмету «Музыка» для 1-4 классов уровня начального образования от 2018 года. Авторы представили наиболее приоритетные образовательные позиции, направленные на воспитание казахстанского патриотизма, нравственно-эстетического отношения к национальным и общечеловеческим ценностям, на развитие музыкальных и творческих способностей,

Таким же образом, представлен развернутый анализ музыкального образования начальных школ, признанных во всем мире таких стран как, Великобритания и Сингапур. Изучение содержания типовых учебных программ по музыке для начальных классов этих стран, дали возможность авторам выявить наиболее ценные идеи зарубежного музыкально-педагогического опыта. В статье описана совокупность средств, способов и методов сравнительной педагогики, позволившие авторам провести исследование в соответствии с поставленной целью.

На основе проведенных теоретических исследований были выявлены особенности разработки программ по музыке для начальных школ вышеуказанных стран. Авторы указывают на определенные различия в структуре программ, в подаче обучающего музыкального материала, которые связывают с национальными особенностями и культурой каждой страны.

В тоже время, на основе сравнительной характеристики, акцентируется внимание на том, что в обновленном содержании действующей типовой учебной программы по музыке нашей страны от 2018 г., имеется определенная схожесть с зарубежными программами. Это схожесть проявляется в общих подходах к отбору содержания музыкальных знаний, которые осуществляются в сочетании с обучающими и компьютерными технологиями нового поколения, а также в воспитании у детей средствами музыки любовь и уважение к культуре своего народа и культуре других народов.

*Ключевые слова:* музыка, образование, учебная программа, Қазақстан, Великобритания, Сингапур, предмет музыки, класс, обучение, цель, задачи, метод сравнения

**Comparative characteristics of the content of music education of standard curricula for primary schools in Kazakhstan, the UK and Singapore**<sup>\*</sup> <sup>1</sup>Sh. B. Kulmanova, S.A. Tauyekel<sup>2</sup><sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan),<sup>2</sup>Aktyubinsky regional university named after K. Zhubanova (Aktobe, Kazakhstan)

e-mail: kulman\_sholpan@mail.ru\*, tauyekel.s@mail.ru

*Abstract*

The processes of change in the field of education in our country are becoming universal, which increases the relevance of conducting a comparative analysis of world experience in the development of education.

This article discusses in detail the content of the current standard curriculum for the subject «Music» for grades 1-4 level of primary education in Kazakhstan from 2018. The authors presented the most priority educational positions aimed at fostering Kazakhstani patriotism, moral and aesthetic attitude to national and universal values, and the development of musical and creative abilities.

In the same way, a detailed analysis of the music education of primary schools, recognized throughout the world in such countries as the United Kingdom and Singapore, is presented. The study of the content of standard music curricula for primary classes in these countries enabled the authors to identify the most valuable ideas of foreign musical and pedagogical experience. The article presents a set of means, methods and techniques of comparative pedagogy, which allowed the authors to conduct research in accordance with the stated goal.

On the basis of the theoretical studies were identified peculiarities of the development of music programs for primary school of the above countries. The authors point to certain differences in the structure of programs, in the presentation of educational musical material, which are associated with the national characteristics and culture of each country.

At the same time, they focus on the fact that in the updated content of the current model curriculum for music of our country, from 2018, there is a certain similarity with foreign programs, based on a comparative analysis. This similarity is manifested in common approaches to the selection of the content of musical knowledge, which are carried out in conjunction with the new generation of educational and computer technology, as well as in the education of children through music love and respect for the culture of their people and the culture of other peoples.

*Keywords:* music, education, curriculum, Kazakhstan, United Kingdom, Singapore, subject of music, class, training, purpose, tasks, method of comparison

*Редакцияға 25.10.2022. қабылданды.*

МРНТИ: 15. 14. 35.

DOI 10.51889/1553.2022.75.79.018

*Ж. Н. АБДИМУСА<sup>1\*</sup>, Л. Ф. БУРЛАЧУК<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова (Шымкент, Казахстан),*

*<sup>2</sup>Всеукраинская психодиагностическая ассоциация (Киев, Украина)*

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ И МОТИВАЦИОННЫЕ АСПЕКТЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

### *Аннотация*

В настоящей статье представлены результаты исследования целенаправленного взаимодействия студента и преподавателя при онлайн-обучении. Целью исследования являлось изучение психологических и мотивационных аспектов дистанционного обучения. В процессе проведенного анкетирования и опроса, направленного на изучение влияния дистанционного обучения на уровень академической успеваемости и эмоционального интеллекта, а также психодиагностическое исследование мотивационно-ценностной сферы при помощи банка тестов, в который вошли следующие методики: Методика «Мотивация профессиональной деятельности» К. Замфир в модификации А. Реана; Методика изучения отношения к учебным предметам Казанцевой, адаптированная для студентов университета; Ориентационная анкета Б. Басса для определения личностной направленности; Морфологический тест жизненных ценностей В. Ф. Сопова, Л. В. Карпушиной; Тест на силу воли; Шкала оценки мотивации достижения; Опросник для оценки потребности в достижении успеха; Шкала оценки мотивации одобрения. В результате проведенных исследований выявлено, что без непосредственного контакта и выполнения реальных практических заданий в процессе дистанционного обучения студенты младших курсов утрачивают интерес к изучаемому предмету, они не видят возможности применения получаемых знаний в последующей профессиональной деятельности. Сделан вывод о неопределенности жизненных ценностей у студентов бакалавриата, что отражает их психологическую личностную незрелость, а наличие внутриличностных противоречий может быть связано с зависимым положением и борьбой мотивов. Поэтому учебный процесс должен быть направлен не только на приобретение знаний, но и включать воспитательный компо-